# Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 шілде N 895. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1253 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің Үкіметінің 12.08.2000. № 1253 қаулысымен.

Сыртқы экономикалық саладағы мемлекеттік мүдделерді қорғау, экспортталатын тауарларға бақылау жасауды ұйымдастыру мақсатында және республиканың Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне әзірленуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлардың жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 654 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж, N 25, 209-бап):

қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы туралы";

қаулының мәтініндегі "Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарларын жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясы", "Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлардың жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясын", "жөнелту алдындағы инспекция", "Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлардың жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясын" деген сөздер "Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы", "жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын", "ішінара тәуелсіз инспекция" және "жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 1996 жылдың 15 тамызынан бастап жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы енгізілсін.

Жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге инспекция, тәуелсіз инспекция жүргізуге жіберілген органдардың қалауы бойынша ішінара жүргізіледі";

2-тармақ алынып тасталсын.

5-тармақтағы "1" деген сан "30" деген санмен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті осы қаулы жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде сыртқы экономикалық қызмет субъектілеріне 1996 жыдың 15 тамызынан бастап жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекциясының жүйесінің енгізілгені туралы хабарласын";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Контарктілік баға мен жүзеге асырылған экспорттық контарктілерге ішінара тәуелсіз инспекция жүргізудің нәтижесінде айқындалған бағасының арасында айырма анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының салық органдары кеден органдарының ұсынысы бойынша салық салу мақсатында салық төлеушілердің кірісін осы айырмаға түзетеді";

1-8-тармақтар 1-7-тармақтар болып саналсын.

1,2,3 және 5-қосымшалардағы "экспортталатын тауарлардың жөнелту алдындағы инспекциясын", "экспортталатын тауарлардың алдын ала жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясы", "экспортқа ұсынылатын тауарлардың жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясы", "жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясы", "жөнелту алдындағы инспекциясын", "Жөнелту алдындағы инспекция органдарының" және "жөнелту алдындағы инспекция" деген сөздер " Жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекция", " жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекциясы", " жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекциясының", "ішінара тәуелсіз инспекция органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-қосымшада:

ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жүзеге асырылған экспорттық контарктілерге ішінара тәуелсіз инспекция жүргізу тәртібі туралы";

3-тармақтағы 4 және 6-абзацтар алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

"4. Кеден органдары мәмілені кедендік ресімдегеннен кейін 3 күндік мерзімнің ішінде контарктілер мен экспорттаушыдан қабылданған басқа да құжаттарды ішінара тәуелсіз инспекция органдарына береді";

5 және 6-тармақтар алынып тасталсын;

"Экспорт жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру тетігі" деген II бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"II. Инспекцияны жүзеге асыру тетігі";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мәмілені кедендік ресімдеген сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей кеден органдары осы қаулыға 4-қосымшада көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасынан әкету туралы жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекциясын хабардар етеді";

13-тармақ алынып тасталсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ішінара тәуелсіз инспекция органдары (немесе уәкілді агент) 10 жұмыс күні ішінде экспортталатын тауарлардың санына, бағасының деңгейіне сәйкес ішінара тәуелсіз инспекцияны жүзеге асырады, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген тауарларды сипаттау мен кодтандырудың үйлесімдендірілген жүйесіне сәйкес тауарлық кодты айқындайды";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Ішінара тәуелсіз инспекция органдары (немесе уәкілді агент) инспекциясының аяқталуы бойынша НБЕ республика кеден органдарына береді" ;

16-тармақ алынып тасталсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Экспортталатын тауарлардың контрактілік бағалары НБЕ-де көрсетілген бағаларға сәйкес келмеген жағдайларда кеден органдары 2 күн мерзім ішінде сараптық мәміле және НБЕ жөніндегі материалдарды салық төлеушілердің осы айырмадан түсетін түсімін салық салу мақсатында түзету үшін салық органдарына жолдайды";

аталған қосымша мынадай мазмұндағы 18-тармақпен толықтырылсын:

"18. Ішінара сараптамалардың жалпы процедурасы өндірістік процестер мен өнім экспортына кедергі жасамауға тиіс";

5-18-тармақтар 5-14-тармақтар болып саналсын;

4-қосымшада:

тақырыбындағы "Жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекция" деген сөздер " Ішінара тәуелсіз инспекция" деген сөздермен ауыстырылсын;

тізбе мынадай жолдармен толықтырылсын:

"Өңделмеген мұнай (газ конденсатын қоса) 2709

Табиғи газ 271111000

271121000";

5-қосымшада:

тақырыбындағы "Экспортталатын тауарлардың жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясы" деген сөздер "Жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекция" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталсын;

2. "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж, N 26,

302-бап) 1-қосымшада:

"Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім" деген 2-бөлімнен:

"Өңделмеген мұнай (газ конденсатын қоса) 2709, 271000330

және оның өңделген өнімдері 271000350

271000510

271000690

271000790"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай өңделетін өнімдер 271000330

271000350

271000510

271000690

271000790"

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК